

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізу күндері: 2024 жылғы 7-13 тамыз

Респонденттердің саны: 14

(AERC, Citigroup, Halyk Finance, ING, Jusan Invest, NAC Analytica, АКРА, Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық Даму Банкі, Ренессанс Капитал, Синара Инвестициялық Банкі, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты, Эксперт РА)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттер болжамдарының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2023 (факт/ бағалау)	2024	2025	2026
Вrent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орташа есеппен	82,2	83,5 (83,7)	80,0 (80,0)	80,0 (80,0)
ЖІӨ %, ж/ж	5,1	4,0 (4,1)	5,0 (5,0)	4,4 (4,5)
ТБИ %, желт. өткен жылдың желт.	9,8	8,0 (8,0)	6,9 (6,8)	6,0 (6,0)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жылына орта есеппен	16,5	14,5 (14,4)	11,9 (11,0)	10,0 (10,0)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	90,2	89,6 (85,8)	86,0 (89,2)	85,6 (86,2)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	71,8	74,1 (73,9)	70,0 (72,9)	73,0 (73,0)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	456,3	461,2 (460,0)	479,0 (474,8)	492,0 (490,0)
Бейтарап базалық мөлшерлеме* жылдық %		8,5 (9,0)		
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуі** %, ж/ж		4,5 (4,5)		

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Мұнай бағасы бойынша сценарийлік шарттары өзгерістерге ұшыраған жоқ. Респонденттердің орташа күтулері бойынша 2024 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасы барр. үшін **83,5** АҚШ долл., ал 2025-2026 жылдары үшін – **80,0** АҚШ долл. деңгейінде қалыптасады.

ЖІӨ. Қазақстан экономикасының 2024 және 2026 жылдарға арналған өсуі бойынша болжамдары тиісінше **4,0%** және **4,4%** дейін төмендетілген. 2025 жылға арналған экономиканың өсуі бойынша болжамдары **5,0%** деңгейінде сақталған.

ТБИ. Инфляция деңгейінің бағалауы бүкіл болжамды кезең үшін аса өзгермеген. 2024 және 2026 жылдары инфляция **8,0%**-бен **6,0%** деңгейінде күтілуде. 2025 жылға арналған болжам **6,8%** - дан **6,9%** - ға дейін аздап нашарлады.

БАЗАЛЫҚ МӨРШЕРЛЕМЕ. Сарапшылардың 2025 жылға арналған базалық мөлшерлеме деңгейі бойынша күтулері **11,0%** - дан **11,9%** - ға дейін қайта қаралған. 2024

* Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

** 5 жыл ауқымында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

жылға арналған базалық мөлшерлеме болжамдарының медианалық мәндері 14,4% - дан **14,5%** - ға дейін аздап жоғарлады. 2026 жылға арналған бағалаулар өзгерген жоқ.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. 2024 жылға арналған респонденттердің тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша болжамдары 85,8-ден **89,6** млрд. АҚШ. долл. дейін жақсартылды. Кейінгі кезеңдер үшін күтулер экспорт көлемінің төмендеуі жағына қайта қаралған. 2025 жылға бағалаулар 89,2-ден **86**-ға дейін нашарланып, ал 2026 жылы – 86,2-ден **85,6** млрд. АҚШ.долл. дейін өзгертілген.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. 2024 жылы тауарлар мен қызметтер импортының көлемі сарапшылардың бағалауына сәйкес **74,1** млрд. АҚШ.долл. дейін өсуде. Респонденттердің 2025 жылға арналған болжамдары 72,9-ден **70,0** млрд. АҚШ.долл.қайта қаралған. 2026 жылға арналған медианалық болжам **73,0** млрд. АҚШ. долл. деңгейінде сақталған.

USD/KZT БАҒАМЫ. USD/KZT бағамы бойынша болжамдар әлсіреу жағына аздап өзгертілген. Осылайша, 2024 жылы USD/KZT бағамы бір АҚШ долл. үшін жылына орта есеппен **461,2** теңге деңгейінде күтілуде. 2025 жылы болжам 474,8 теңгеден **479,0** теңгеге дейін, ал 2026 жылы – 490,0 теңгеден **492,0** теңгеге дейін қайты қарастырылған.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта, сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақталуын қолдайтын базалық мөлшерлеме енді **8,5%** деңгейінде бағалануда (бұрын – 9,0%).

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨСУІ. Респонденттер 5 жылдың шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын **4,5%** деңгейінде бағалауда.

Көптеген макрокөрсеткіштің **болжамдық ауқымдары** бүкіл болжамдық кезеңдері үшін айтарлықтай кең болып қалыптасуда. Бұл сарапшылардың қысқа және орта мерзімді болашақта ішкі және әлемдік экономика дамуына қатысты белгісіздігін көрсетеді.